

Қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарлары, егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 213 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 4 мамырда № 38632 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Құрылыс кодексінің 24-бабының 39) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарлары, егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары) әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес тізбе бойынша кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі

Е. Нағаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және ақпарат министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Су ресурстары және ирригация
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология және табиғи
ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және
құрылыс министрінің
2026 жылғы 30 сәуірдегі
№ 213 бекітілген

Қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарлары, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарлары, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары (бұдан

әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Құрылыс кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 24-бабының 39) тармақшасына, мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді және қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарлары, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы (бұдан әрі – ЕТЖЖ) – елді мекендер аумақтарының жекелеген бөліктері мен функционалдық аймақтары, сондай-ақ елді мекендердің шегінен тысқары жерде орналасқан аумақтар үшін әзірленетін қала құрылысы жобасы;

2) елді мекеннің бас жоспары – қала құрылысы регламенттері ескеріле отырып, елді мекенді аймақтарға бөлуді, оның жоспарлы құрылымын және аумақтарын функционалдық ұйымдастыруды, көліктік және инженерлік коммуникациялар, көгалдандыру мен абаттандыру жүйесін белгілейтін, қаланы, кентті, ауылды дамыту мен оларда құрылыс салуды кешенді жоспарлаудың қала құрылысы жобасы;

3) инвестор – Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

4) қоғамдық тыңдаулар – ашық жиналыстар өткізу арқылы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс мәселелері қозғалатын мемлекеттік және басқарушылық шешімдерді қабылдауға қоғамның қатысу нысандарының бірі;

5) қонысаралық аумақтар – елді мекендердің шекараларынан (шегінен) тыс орналасқан аумақтар;

6) әзірлеуші – қызметтің тиісті түріне лицензиясы бар, тапсырыс берушімен жасалатын мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша сәулет және қала құрылысы саласындағы жобалау қызметін орындайтын жеке немесе заңды тұлға;

7) тапсырыс беруші – қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға. Қызметінің мақсаттарына қарай жобаның (бағдарламаның) инвесторы, тапсырыс беруші (меншік иесі) не олардың уәкілетті адамдары тапсырыс беруші бола алады.

2-тарау. Қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарлары, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі

3. Елді мекендердің аумақтарын дамыту мен оларда құрылыс салу Кодекстің 76-бабы 1-тармағына сәйкес белгіленген тәртіппен бекітілген елді мекендердің бас жоспарлары (бұдан әрі – бас жоспар) немесе елді мекендерді дамыту мен оларда құрылыс салу схемалары (оңайлатылған бас жоспар) (бұдан әрі – елді мекендерді дамыту мен оларда құрылыс салу схемалары) негізінде жүзеге асырылады.

4. Елді мекендердің бас жоспарлары, дамыту мен оларда құрылыс салу схемалары, ЕТЖЖ аумақты кешенді дамыту мен оларда құрылыс салуды регламенттейтін мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленеді.

5. Елді мекендердің бас жоспарларын, дамыту мен оларда құрылыс салу схемаларын, ЕТЖЖ әзірлеуді ұйымдастыруды сәулет және қала құрылысы саласындағы жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) жүзеге асырады.

6. Елді мекендердің бас жоспарларын, дамыту мен оларда құрылыс салу схемаларын, ЕТЖЖ әзірлеу мен түзетуді қаржыландыру Инвестор қаражаты есебінен әзірлеуге/түзетуге жол берілетін ЕТЖЖ қоспағанда, тек жергілікті бюджет қаражаты есебінен ғана жүзеге асырылады.

7. Осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес елді мекендерді дамыту мен оларда құрылысын салудың қала құрылысы жобаларын әзірлеуге арналған техникалық тапсырма (бұдан әрі – Тапсырма) Кодекстің 69-бабының 8-тармағына сәйкес сәулет-қала құрылысы кеңесінің қарауына жатады.

8. Елді мекендердің бас жоспарлары, дамыту мен оларда құрылыс салу схемалары, ЕТЖЖ бастапқы материалдары Кодекстің 24-бабының 12) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін Қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Жүргізу қағидалары) сәйкес мемлекеттік қала құрылысы кадастрына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізгенге дейін енгізілуге тиіс.

9. Тапсырыс берушімен елді мекендерді дамыту мен оларда құрылыс салудың қала құрылысы жобаларын әзірлеушіні таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

10 Қала құрылысы жобаларына тапсырыс беруші өкілеттіктерін үшінші тұлғаларға беру құқығынсыз осы қала құрылысы жобасы бойынша қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасының тапсырыс берушісі де болып табылады.

Өңірлік маңызы бар жобалар және елді мекендерді дамыту мен оларда құрылыс салу жобалары бойынша қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасының тапсырыс берушілері ЖАО болып табылады.

11. Қала құрылысы жобалары Кодекстің 25-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, 25-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына, 26-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қоғамдық талқылаудан өткеннен кейін тиісті мәслихатпен келісуге жатады және Жүргізу қағидаларында айқындалған тәртіппен мемлекеттік сараптама ұйымына кешенді қала құрылысы сараптамасына жіберіледі.

12. Қала құрылысы жобаларын қоғамдық талқылау жөніндегі ақпаратты ЖАО-ның ресми интернет-ресурстарында орналастыру үшін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Қоғамдық талқылау" айдары (бұдан әрі – Айдар) құрылады.

13. Қоғамдық талқылау республикалық маңызы бар қалаларды, астананы және облыс орталықтарын дамыту тұжырымдамасының (мастер-жоспарының), елді

мекендердің бас жоспарларының, дамыту мен оларда құрылыс салу схемаларының, ЕТЖЖ әзірленген/ түзетілген жобалары бойынша ашық жиналыс арқылы өткізіледі.

14. ЖАО қоғамдық талқылауды өткізу үшін кемінде екі бұқаралық ақпарат құралында, оның ішінде кемінде бір мерзімді баспасөз басылымында (газетте) және ЖАО аумағында таратылатын кемінде бір теле- немесе радиоарнада елді мекеннің бас жоспарының жобасын, дамыту мен оларда құрылыс салу схемасын, ЕТЖЖ-ні қоса бере отырып, әзірлеу/түзету бойынша қоғамдық талқылаулар өткізу туралы хабарландыруды таратуды ұйымдастырады, қоғамдық талқылаулар бойынша ақпаратты ЖАО-ның ресми интернет-ресурстарында, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар үшін қолжетімді орындарда жобаның атауын, қоғамдық талқылауларды өткізу күнін, орнын, уақытын, жеке тұлғалардың ескертулері мен ұсыныстарын жолдау үшін ЖАО-ның пошталық және электрондық мекенжайларын көрсете отырып, еркін нысанда орналастырады.

15. Ашық жиналыстар арқылы қоғамдық талқылауды өткізу күні елді мекендердің бас жоспарларын, дамыту мен оларда құрылыс салу схемаларын, ЕТЖЖ-ны қоса бере отырып, қоғамдық талқылауды өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен ерте емес белгіленеді.

16. Инвестор ЕТЖЖ әзірленген/түзеткен жағдайда, инвестор ЕТЖЖ жобасын қоса бере отырып ЖАО-ға хат жолдайды.

17. Жеке және заңды тұлғалар ЖАО-ға қоғамдық талқылауға шығарылатын жобаларға дәлелді ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша нысанда (қағаз немесе цифрлық жеткізгіштерде) қоғамдық талқылаулар өткізу басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

18. Қоғамдық талқылаудың төрағасы ретінде қоғамдық талқылаулар жүргізілетін аумақтағы ЖАО өкілі тағайындалады.

19. Хатшы қоғамдық талқылауға қатысушыларды тіркейді.

20. Қоғамдық талқылауларды өткізу кезінде жеке және заңды тұлғалардың ескертулер мен ұсыныстардың мәнін көрсетпейтін немесе қоғамдық талқылау мәніне қатысы жоқ ескертулері мен ұсыныстары ескерілмейді.

21. ЖАО хатшысы қоғамдық талқылаулардың барлық барысының бейне және аудиожазбасын қамтамасыз етеді. Қоғамдық талқылаулардың бейне- және аудиожазбасы бар цифрлық тасығыш осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ашық жиналыстар арқылы қоғамдық талқылаулар хаттамасына (бұдан әрі – Хаттама) қоса тіркелуге тиіс.

22. Қоғамдық талқылауларды өткізу нәтижелері бойынша Хаттама ресімделеді, оған төраға қол қояды және олар аяқталған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қоғамдық талқылаулардың бейне- және аудиожазбалары қоса беріле отырып, Айдарға орналастырылады.

23. Қоғамдық талқылаулардың нәтижелері ЖАО-ның интернет-ресурсында қоғамдық талқылаулардың нәтижелерін жариялай отырып, ЖАО мен жобалау ұйымының міндетті қарауына жатады.

24. Қоғамдық талқылаулар тіркелген және оларға кемінде елу жеке немесе заңды тұлға қатысқан кезде өткізілген болып есептеледі.

25. Осы Қағидалардың 23-тармағында көрсетілген жеке және заңды тұлғалардың қажетті саны болмаған кезде қоғамдық талқылаулар өткізілмеген болып есептеледі.

26. Қоғамдық талқылаулар өткізілмеген болып танылған кезде ЖАО үш жұмыс күні ішінде бұл туралы хабарламаны ЖАО-ның ресми интернет-ресурстарында және Айдарда орналастырады.

27. ЖАО өтпеген қоғамдық талқылау туралы хабарламаны Айдарға орналастырған соң бес жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың нормаларына сәйкес қоғамдық талқылау процесін қайта өткізеді.

28. Кешенді қала құрылысы сараптамасынан өтпеген және мемлекеттік қала құрылысы сараптамасының оң қорытындысын алмаған қала құрылысы жобалары бекітуге жатпайды.

29. Кешенді қала құрылысы сараптамасынан өткен және олар бекітілгенге дейін оң қорытындысын алған қала құрылысы жобаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

30. Қала құрылысы жобаларының схемалары Кодекстің 68-бабына 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қала құрылысы кадастрының талаптарын ескере отырып, цифрлық түрде географиялық ақпараттық жүйелер – бірыңғай анықтамалықтар мен жіктеуіштер жүйесінде технологияларды пайдалана отырып әзірленеді.

Бас жоспар жіктеуіші осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес келеді.

ЕТЖЖ және елді мекендерді дамыту мен оларда құрылыс салу схемаларының (оңайлатылған бас жоспар) жіктеуіші осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес келеді.

31. Қала құрылысы жобаларында елді мекендердің бас жоспарларының, дамыту мен оларда құрылыс салу схемаларының, ЕТЖЖ-ның жіктеуішіне сәйкес орындалған графикалық материалдар қамтылуы тиіс:

1) векторлық файлдар үшін - *.mpk, растрлық файлдар үшін - *.jpg, *.jpeg, *.pdf форматтарында координаталық байланыстыруы бар схемалар, сондай-ақ осы Қағидалардың 46, 61-тармақтарына сәйкес мәтіндік материалдар (түсіндірме жазба, техникалық-экономикалық көрсеткіштер);

2) *.gdb форматтарында координаталық байланыстыруы бар нормативтік құрылымдағы цифрлық база.

32. Елді мекендердің бекітілген бас жоспарлары, дамыту мен оларда құрылыс салу схемалары, ЕТЖЖ осы Қағидалардың 30-тармағының талаптарын ескере отырып Кодекстің 24-бабының 46) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен қала құрылысы жобаларын, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманы,

сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерін мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған цифрлық жүйесінде тіркеу қағидаларында айқындалатын тәртіппен мемлекеттік қала құрылысы кадастрында есепке алуға жатады.

33. Елді мекеннің бас жоспары, дамыту мен оларда құрылыс салу схемасы, ЕТЖЖ елді мекеннің жаңа бас жоспары, дамыту мен оларда құрылыс салу схемасы, ЕТЖЖ бекітілгенге дейін не елді мекеннің қолданыстағы бас жоспарындағы, дамыту мен оларда құрылыс салу схемасындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгерістері (түзетулері) бекітілгенге дейін қолданылады.

34. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін елді мекеннің бекітілген бас жоспарларын, дамыту мен құрылысын салу схемаларын және ЕТЖЖ-ны цифрлық түрде беру Кодекстің 24-бабының 47) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу және одан ақпарат және (немесе) мәліметтер беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Елді мекеннің бас жоспарларының, дамыту мен оларда құрылыс салу схемаларының және ЕТЖЖ материалдарын цифрлық түрде беру "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкес ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жүргізіледі.

36. Елді мекеннің бас жоспары, дамыту мен оларда құрылыс салу схемасы және ЕТЖЖ "Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының мазмұны мен көлемі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 24 қазандағы № 732 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9922 болып тіркелген) бекітілген азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының мазмұны мен көлеміне сәйкес азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының талаптары ескеріле отырып әзірленеді.

37. Елді мекеннің бас жоспарлары, дамыту мен оларда құрылыс салу схемасы және ЕТЖЖ Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 121-бабы 2-тармағының 4) тармақшасының және "Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсаттар беру қағидаларының талаптары ескеріле отырып әзірленеді.

1-параграф. Бас жоспарларды әзірлеу, келісу және бекіту. Тұжырымдама (мастер-жоспар)

38. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыс орталықтарының бас жоспарлары екі кезеңде әзірленеді және мыналарды қамтиды:

бірінші кезең (елді мекенді дамытудың ұзақ мерзімді болжамы (тұжырымдамасы (мастер-жоспар) – 30 жылға дейінгі стратегиялық қала құрылысын дамытудың негізгі қағидаттары мен бағыттарын әзірлей отырып, аумақтар мен елді мекендерді қала құрылысы аймақтарына бөлу жөніндегі тұжырымдамалық ережелерін әзірлеу;

екінші кезең (бас жоспар) – құрылыстың негізгі кезеңдерін қамтитын жоспарлау құрылымының элементтерін егжей-тегжейлі пысықтау арқылы стратегиялық қала құрылысын дамытудың негізгі қағидаттары мен бағыттарын егжей-тегжейлеу (бірінші кезең – 5 жыл, есептік кезең – 20 жылға дейін).

39. Республикалық маңызы бар қалаларды, астананы, облыс орталықтарын дамытудың ұзақ мерзімді болжамы (тұжырымдамасы (мастер-жоспар) қала құрылысы жағдайлары мен ресурстық әлеуетті кешенді талдауға, кезең-кезеңімен іске асыруға сүйене отырып, елді мекенді шаруашылық-экономикалық, әлеуметтік-мәдени және аумақтық-функционалдық дамыту бағыттарының оңтайлы нұсқасын анықтау мақсатында әзірленеді және мыналарды қамтиды:

- 1) қаланың жоспарлау құрылымының тарихи даму ерекшеліктерін талдау;
- 2) аумақтарды кешенді қала құрылыстық бағалау;
- 3) қала кеңістігін композициялық ұйымдастыру бағыттары.

Тұжырымдама кезеңі (мастер-жоспар) үшін масштабтары ҚР ҚН 3.01-00-2011 Қазақстан Республикасының Құрылыс нормалары (бұдан әрі – ҚР ҚН 3.01-00-2011) сәйкес қолданылатын жобалау материалдарының мынадай құрамы көзделеді:

1) қоныстандыру жүйесіндегі елді мекеннің орналасу схемасы (қала маңындағы және жасыл аймақтары бар);

- 2) аумақты қазіргі заманғы пайдалану жоспары (тірек жоспар);
- 3) қаланың жоспарлау құрылымын дамытудың ретроспективті схемалары;
- 4) кешенді қала құрылысы аумағы;
- 5) ерікті масштабта аумақтарды дамыту нұсқалары;
- 6) қаланың аумақтық даму тұжырымдамасы (құрылымдық жоспар);

7) нұсқалық зерттеулер негізінде қабылданатын әлеуметтік-экономикалық және құрылымдық-жоспарлау шешімдерінің негіздемесі бар түсіндірме жазба.

40. Республикалық маңызы бар қалаларды, астананы, облыс орталықтарын дамыту тұжырымдамасының (мастер-жоспар) графикалық материалдары 1:10000 масштабта орындалады.

Графикалық материалдардың көрсетілген масштабтарын тапсырыс беруші нақты қала құрылысы жағдайына қарай әзірлеушімен келісу бойынша нақтылайды.

41. Елді мекенді дамыту тұжырымдамасы (мастер-жоспар) Кодекстің 76-бабының 6-тармағына сәйкес қоғамдық талқылауға және тиісті мәслихатпен келісуге жатады.

2-параграф. Бас жоспар

42. Бас жоспар елді мекенді дамытуды кешенді жоспарлауды анықтайтын негізгі қала құрылысы жобасы болып табылады.

43. Бас жоспар:

1) бекітілген аумақты ұйымдастырудың бас схемасына, аумақты дамытудың тиісті өңіраралық схемасына және облыстар немесе аудандар аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасына, әлеуметтік және экологиялық өлшемшарттарға негізделген, жайлы өмір сүру ортасын құру үшін адам қажеттіліктері мен аумақтың ресурстық мүмкіндіктерін жан-жақты есепке алуға сәйкес;

2) халықтың саны мен жұмыспен қамтылуының өсуін болжауды, жобаланатын аумақтағы инвестициялық процестерді ұзақ мерзімді жоспарлауды, елді мекеннің аумақтық дамуының ұзақ мерзімді перспективасын, жоспарлау құрылымын қалыптастыру бағытын айқындау, аумақты қала құрылысын аймақтарға бөлу, әлеуметтік, рекреациялық, өндірістік, көліктік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту, аумақты инженерлік даярлау және абаттандыру, аумақты қауіпті табиғи және техногендік процестерден қорғау, табиғи ортаны және тарихи-мәдени мұраны қорғау мақсатында;

3) елді мекен аумақтарын жоспарлаудың кешенді тәсілін қамтамасыз ету мақсатында. Түрлі функционалдық мақсаттағы аймақтардың шекаралары қызыл сызықтарды, табиғи объектілердің табиғи шекараларын және жер учаскелерінің шекараларын ескере отырып айқындалады;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсаттар беру қағидаларын есепке ала отырып, әзірленеді және түзетіледі (өзектендіріледі).

44. Бас жоспардың жобасы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-1) тармақшасына, 11-бабының 2) тармақшасына, 12-бабының 3) тармақшасына және 13-бабының 3) және 4-1) тармақшаларына сәйкес елді мекеннің шекарасында (шегінде) әзірленеді. Елді мекеннің шекарасын (шегін) кеңейту қажет болған кезде жобаланатын аумақтың шекарасы (шегі) Тапсырмада нақтыланады.

Орамдар (шағын аудандар) аумағының шекарасы жалпықалалық, аудандық маңызы бар магистральдардың және тұрғын көшелердің қызыл сызықтары, сондай-ақ өзге де функционалдық мақсаттағы аумақтардың шекаралары мен табиғи объектілердің табиғи шекаралары болып табылады.

45. Елді мекеннің бас жоспарында:

1) аумақты кешенді бағалауды, табиғи-климаттық, экологиялық, қалыптасқан әрі болжанатын демографиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып, әлеуметтік, рекреациялық, өндірістік, көліктік және инженерлік инфрақұрылымдарды қоса алғанда, елді мекен аумағын дамытудың негізгі бағыттары;

2) аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлу және олардың пайдаланылуын шектеу;

3) елді мекеннің құрылыс салынған және құрылыс салынбаған аумақтарының арақатынасы;

4) жер учаскелерін басым иеліктен шығару және сатып алу аймақтары, резервтегі аумақтар;

5) аумақты қауіпті (зиянды) табиғи, техногендік және антропогендік құбылыстар мен процестердің әсерінен қорғау, экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі шаралар;

6) аумақтық-көліктік жоспарлау мен жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі құжаттардың бөлімдерін (бөліктерін) қамтитын, бас жоспардың көліктік бөлімін әзірлеу жөніндегі негізгі бағыттар;

7) азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының негізгі бағыттары;

8) елді мекенді дамытудың техникалық-экономикалық көрсеткіштері;

9) су объектілерін ластанудан, қоқыстанудан, сарқылудан қорғау жөніндегі шаралар ;

10) елді мекенді орнықты дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі өзге де шаралар айқындалады.

46. Бас жоспарды әзірлеу және бекіту кезінде сейсмикалық шағын аймақтарға бөлу карталары, сондай-ақ сел, көшкін мен қар көшкіні қауіп-қатерлерінің және олар болған жағдайда олардан төнетін қауіп-қатерлердің карталары ескеріледі.

47. Тарихи қала құрылысы құндылығы бар бас жоспар тарихи-сәулет тірек жоспары ескеріле отырып әзірленуге және оған тарихи құрылыс аймақтары мен ескерткіштерді қорғау жобалары қоса берілуге тиіс.

48. Бас жоспардың іске асырылуын мониторингілеуді ЖАО бес жылда бір рет жүзеге асырады.

Мониторинг нәтижелері бойынша есеп осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есеп қалыптастырылады, ол ЖАО интернет-ресурсына орналастырылады және Кодекстің 65-бабының 9-тармағына сәйкес сәулет-қала құрылысы кеңесі мен тиісті мәслихаттың қарауына жіберіледі.

49. Бас жоспарларды әзірлеу үшін қажетті бастапқы материалдардың құрамы мен көлемі мемлекеттік нормативтік құжаттарда белгіленеді.

50. Бас жоспар мынадай графикалық материалдар құрамында әзірленеді:

1) қоныстандыру жүйесіндегі елді мекеннің орналасу схемасы;

2) тірек жоспар (аумақты қазіргі заманғы пайдалану жоспары);

- 3) аумақты кешенді қала құрылыстық бағалау;
- 4) негізгі сызба;
- 5) аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлу және қала құрылысы регламенттері схемасы;
- 6) көше-жол желісі мен көлік схемасы;
- 7) көшелердің көлденең бейіндері;
- 8) аумақты инженерлік жабдықтау және инженерлік даярлау схемасы;
- 9) қоршаған ортаны қорғау схемасы;
- 10) табиғи-экологиялық қаңқа;
- 11) әуеайлақтардың әуеайлақ маңындағы аумақтарын аймақтарға бөлу схемасы;
- 12) қызыл сызықтардың жоспары;
- 13) қабылданатын жобалық шешімдердің негіздемесі бар түсіндірме жазба;
- 14) осы Қағидаларға 8-қосымшада көрсетілген техникалық-экономикалық көрсеткіштер.

Бас жоспардың құрамында құрамы, мазмұны және ауқымы бас жоспарды әзірлеуге арналған Тапсырмада айқындалатын қосымша схемалар әзірленуі мүмкін.

Осы тармақ ҚР ҚН 3.01-00-2011 сәйкес орындалады.

51. Елді мекендерді дамыту мен оларда құрылыс салу схемалары құрылыстың негізгі кезеңдерін қамтитын (бірінші кезең – 5 жыл, есептік кезең 20 жылға дейін) елді мекеннің бүкіл аумағына бір кезеңде әзірленеді/түзетіледі (өзектендіріледі).

52. Елді мекендерді дамыту мен оларда құрылыс салу схемаларының графикалық материалдары осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ЕТЖЖ және елді мекендерді дамыту мен оларда құрылыс салу схемалары (оңайлатылған бас жоспар) жіктеуіші бойынша және 1:2000 масштабында орындалады.

53. Елді мекенді дамыту мен онда құрылыс салу схемасы мынадай графикалық материалдар құрамында әзірленеді:

- 1) әкімшілік аудан жүйесіндегі елді мекеннің орналасу схемасы;
- 2) аудандардың аумақтарында қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасының және шаруашылық ішіндегі жерге орналастыру жобасының материалдарын пайдалана отырып әзірленген жер пайдалану схемасы;
- 3) аумақты кешенді қала құрылысын бағалау;
- 4) тірек жоспар (аумақты уақытылы пайдалану жоспары);
- 5) негізгі сызба;
- 6) көше-жол желісі мен көлік, аумақты тік жоспарлау мен инженерлік дайындау схемасы;
- 7) көшелердің көлденең пішіндері;
- 8) инженерлік қамтамасыз ету схемасы;
- 9) қоршаған ортаны қорғау схемасы;

10) аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлу және қала құрылысы регламенттері схемасы;

11) қызыл сызықтардың бөлу жоспары;

12) әуеайлақтардың әуеайлақ маңындағы аумақтарын аймақтарға бөлу схемасы;

13) қабылданатын жобалау шешімдерінің негіздемесі бар түсіндірме жазба;

14) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес техникалық-экономикалық көрсеткіштер.

Осы тармақ ҚР ҚН 3.01-00-2011 сәйкес орындалады.

54. Елді мекендердің бас жоспарлары және дамыту мен оларда құрылыс салу схемалары су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі бассейндік су инспекцияларымен (бұдан әрі – бассейндік су инспекциялары), ЖАО құрылымдық бөлімшелерімен, Тапсырманың 8-тармағында айқындалған мекемелермен және ұйымдармен келісіледі, сондай-ақ стратегиялық экологиялық бағалау, қоршаған ортаға әсер ету рәсіміне жатады.

55. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және халқының есептік саны жүз мыңнан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларын Кодекстің 23-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

56. Халықының есептік саны жүз мың адамға дейінгі облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларын Кодекстің 25-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жергілікті өкілеттік органдар бекітеді.

57. Аудандық маңызы бар қалалар мен кенттердің, ауылдық елді мекендердің бас жоспарларының жобаларын, сондай-ақ елді мекендерді дамыту мен оларда құрылыс салу схемаларын Кодекстің 27-бабының 1) тармақшасына сәйкес жергілікті өкілетті органдар бекітеді.

58. Қаланың әкімшілік бағынысындағы ауылдық елді мекендері үшін қаланың бас жоспарының құрамына кірмейтін елді мекендерді дамыту мен оларда құрылыс салудың жекелеген қала құрылысы жобалары әзірленеді.

Ауылдық елді мекендерді қала аумағының құрамына енгізуге оның шекараларын кеңейтуді ескере отырып, қаланың тиісті бас жоспарына өзгерістер енгізуді ескере отырып қана жол беріледі.

59. Бас жоспардың бекітілетін бөлігі осы Қағидаларға 8 және 9-қосымшаларға сәйкес жобаның негізгі көрсеткіштерін, негізгі сызбаны және техникалық-экономикалық көрсеткіштерді қамтитын елді мекендердің бас жоспарының және дамыту мен құрылысын салу схемаларының негізгі ережелері болып табылады.

3-параграф. Егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту

60. ЕТЖЖ елді мекендер аумақтарының жекелеген бөліктері мен функционалдық аймақтары және елді мекендердің шегінен тыс жерде орналасқан аумақтар (қонысаралық аумақтар) үшін әзірленеді.

61. Елді мекендердің жекелеген бөліктерінің ЕТЖЖ:

1) осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жобалауға арналған Тапсырмаға сәйкес белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспардың негізінде;

2) бас жоспарларда белгіленген жоспарлау құрылымының элементтеріне, қала құрылысы регламенттеріне, елді мекеннің бірыңғай сәулеттік келбетіне және дизайн-кодқа сәйкес.

Дизайн-кодтың негізгі құрамдас бөліктері визуалды түрде белгілі бір тұтастықты, композициялық бірлікті және құрылыс объектілерінің аяқталғанын көрсететін үйлесімді сыртқы келбеті және сәулет стилі, түс шешімі, қабат саны, әрлеу материалдары элементтерінің бірлігі болып табылады;

3) сейсмикалық микроаймақтарға бөлу картасын, сондай-ақ егер бар болса, сел, көшкін және қар көшкінінің қауіптілігі мен тәуекелдерінің картасын ескере отырып;

4) Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43, 43-1, 44, 44-1 және 44-2-баптарында көзделген мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерінің берілген жеке меншік немесе уақытша өтеулі жер пайдалану құқығы туралы мәліметтерін ескере отырып әзірленеді.

62. ЕТЖЖ шекаралары жобаланатын аумақтың шекарасынан кемінде 1000 метр радиуста іргелес аумақта қолданыстағы және жоспарланып отырған құрылысты ескере отырып, бас жоспарда белгіленген жоспарлау құрылымының элементтеріне сәйкес функционалдық аймақтар мен орамдардың шекараларымен бөлінбеген тұтас және ажырамас аумақ үшін айқындалады. ЕТЖЖ әзірлеу үшін қажетті бастапқы материалдардың құрамы мен көлемі мемлекеттік нормативтік құжаттарда белгіленеді.

63. ЕТЖЖ:

1) аумақтарды аймақтарға бөле отырып, аумақтарды жоспарлы ұйымдастырудың негізгі бағыттарын;

2) қызыл, сары сызықтарды және құрылыс салуды реттеу сызықтарын, су қорғау аймақтары мен белдеулерін;

3) әлеуметтік (ауруханалар, жалпы білім беретін мектептер, мектепке дейінгі ұйымдар, саябақтар, желекжолдар, шағын бақтар және басқа да қоғамдық пайдалану объектілері), халыққа мәдени және коммуналдық қызмет көрсету объектілерін орналастыру, электр зарядтау станцияларын орналастыруды қоса алғанда, көше-жол желісі мен көліктік қызмет көрсетуді ұйымдастыру және инженерлік коммуникацияларды трассалау үшін аумақты резервтеуді;

4) көшелердің көлденең пішіндерін;

5) аумақты абаттандыру мен көгалдандыруды;

6) қала құрылысының шектеулерін;

7) инженерлік коммуникациялар жоспарын;

8) жол инфрақұрылымын дамыту жоспарын;

9) байланыс құрылысжайларын, байланыс желілерін және инженерлік инфрақұрылымның басқа да объектілерін салу жоспарларын, сондай-ақ байланыс мұқтаждары үшін аумақты резервтеуді.

64. ЕТЖЖ мынадай графикалық материалдар құрамында әзірленеді:

- 1) қоныстандыру жүйесінде жоспарланатын аумақтың орналасу схемасы;
- 2) тірек жоспар (оның ішінде тарихи-сәулет мұра ескерткіштері бар елді мекендер үшін тірек тарихи-сәулеттік жоспар);
- 3) аумақты кешенді қала құрылыстық бағалау;
- 4) ғимараттардың қабаттылығы көрсетілген құрылыс салу нобайы;
- 5) аумақты функционалдық аймақтарға бөлу және аумақтардың қала құрылысы регламенттерінің схемасы;
- 6) әуеайлақтардың әуеайлақ маңындағы аймақтарға бөлу схемасы;
- 7) көше-жол желісі және көлік схемасы;
- 8) көшелердің көлденең пішіндері;
- 9) аумақты тігінен жоспарлау және инженерлік даярлау схемасы;
- 10) инженерлік қамтамасыз ету схемасы (оның ішінде сумен жабдықтау және су бұру, нөсер кәрізі, жылумен, газбен, электрмен жабдықтау, электромобильдерге арналған зарядтау құрылғылары, телекоммуникация және байланыс, оның ішінде байланыс құрылысжайларының, сондай-ақ басқа да инженерлік инфрақұрылым объектілерінің орналасуы);
- 11) қызыл сызықтардың бөлу жоспары;
- 12) қоршаған ортаны қорғау схемасы;
- 13) осы Қағидаларға 10-қосымшада көрсетілген техникалық-экономикалық көрсеткіштер.

Жобалық материалдардың құрамы мен мазмұнын жобаланатын аумақтың шекарасынан 1000 метр радиуста іргелес аумақта қолданыстағы және жоспарланып отырған құрылыс ескеріле отырып, мемлекеттік нормативтік құжаттар нормаларының талаптарына сәйкес орындау.

ЕТЖЖ графикалық материалдары осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша орындалады.

Әрбір графикалық материалға қабылданатын жобалық шешімдердің негіздемесі бар түсіндірме жазба қоса беріледі.

65. Түсіндірме жазбада мыналарды қамтиды:

- 1) жобаланатын аумақты дамыту проблемаларының сипаттамасы;
- 2) қоршаған аумақтарды дамытумен байланысты, оны дамытудың нақты мақсаттары;
- 3) демографиялық талдау;
- 4) негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер;
- 5) мыналар туралы деректер:

табиғи-климаттық жағдайлар;
аумақты қолданыстағы функционалдық пайдалану;
тұрғын үй, қоғамдық ғимараттар мен құрылысжайлар қорының жай-күйі;
инженерлік және көлік инфрақұрылымы;
аумақты абаттандыру;

аумақты халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы бойынша тәуекелді бағалау және оны жақсарту жөніндегі іс-шаралар;

қолданыстағы және орналастыруға жоспарланған өнеркәсіптік-өндірістік объектілердің қоршаған ортаға әсерін бағалау;

тарихи-мәдени мұраны сақтау және дамыту және басқалары;

6) аумақтың сәулет-жоспарлау шешімдерінің, қала құрылысын аймақтарға бөлудің негіздемелері;

7) салу үшін ұсынылатын тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардың типтері, халыққа әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыру қағидаттары бойынша ұсыныстар;

8) аумақты меншік түрлері (қажеттілігі бойынша), жер учаскелерінің шекаралары бойынша бөлу және жария сервитуттарды белгілеу жөніндегі ұсыныстар;

9) өртке қарсы іс-шаралар.

66. ЕТЖЖ құрамында Тапсырмада айқындалған схемалар әзірленуі мүмкін.

67. ЕТЖЖ құрамында қала құрылысы жағынан күрделі жобаларды әзірлеу кезінде жоспарлау және құрылыс макеттері көлемі мен ауқымында немесе Тапсырмада белгіленген құрылыс нобайының цифрлық моделі орындалуы мүмкін.

68. ЕТЖЖ әзірлеу кезінде елді мекендердің қала құрылысының функционалдық аймақтары учаскелерінің құрылысын салу тығыздығын ҚР ЕЖ 3.01-101-2013* "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу" Қазақстан Республикасының Ережелер жиынтығының А.1 кестесіне сәйкес қабылдау ұсынылады.

69. Қалалық аумақтардың ЕТЖЖ бассейндік су инспекцияларымен, ЖАО құрылымдық бөлімшелерімен, Тапсырманың 8-тармағында айқындалған мекемелермен және ұйымдармен келісіледі, сондай-ақ қоғамдық талқылаудан кейін Кодекстің 78-бабының 6-тармағында және Жүргізу қағидаларында айқындалатын тәртіппен кешенді қала құрылысы сараптамасына жіберіледі және Кодекстің 28-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына, 29-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына, 2-тармағының 8) тармақшасына және 3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес ЖАО-ның тиісті шешімімен бекітіледі.

70. Кенттер мен ауылдық елді мекендер аумағының ЕТЖЖ бассейндік су инспекцияларымен, кенттік және ауылдық атқарушы органдармен, ЖАО-ның құрылымдық бөлімшелерімен, Тапсырманың 8-тармағында айқындалған мекемелермен және ұйымдармен келісіледі, сондай-ақ қоғамдық талқылаудан кейін Кодекстің 78-

бабының 6-тармағында айқындалған тәртіппен кешенді қала құрылысы сараптамасына жіберіледі және Кодекстің 29-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес ЖАО шешімімен бекітіледі.

71. Кешенді қала құрылысы сараптамасынан өткенге дейін ЕТЖЖ жобаларына тапсырыс беруші осы Қағидалардың 28-тармағының талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған цифрлық жүйесін пайдалана отырып, функционалдық аймақтардың бекітілген бас жоспарға сәйкестігін тексеруді қамтамасыз етеді.

72. ЕТЖЖ-ны орындаушы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы ЖАО-ға цифрлық жобасы бар тасығыштан тұратын жиынтықты және оның шығыс есептерінің көшірмелерімен қатты материалда (қағазда) үш данада бекіту үшін береді. Тасығыш типі Тапсырмада келісіледі.

73. Түсіндірме жазба баспа және цифрлық түрде ұсынылады. Электрондық және баспа нұсқаларының мазмұны бір-біріне ұқсас. Түсіндірме жазбада ЕТЖЖ-ның цифрлық нұсқасының толық сипаттамасы қамтылады.

4-параграф. Бекітілген бас жоспарды, егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету

74. Елді мекеннің бас жоспарын, дамыту мен оларда құрылыс салу схемасын түзету Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында көзделген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларда жүзеге асырылады.

75. Тығыздық, биіктік, жалпы білім беретін мектептермен және мектепке дейінгі ұйымдармен, алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету объектілерімен, сондай-ақ тіршілікті қамтамасыз ету объектілерімен қамтамасыз ету жөніндегі нормалар сақталмаған кезде тығыздау құрылысын іске асыру үшін ЕТЖЖ-ны түзетуге (өзектендіруге) жол берілмейді.

76. ЕТЖЖ әзірлеу немесе түзету қажеттігі туындаған жағдайда инвестор осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес ЖАО-ға ЕТЖЖ жобасын қоса бере отырып, ЕТЖЖ-ны қоғамдық талқылауды жүргізуге хат жолдайды.

77. ЖАО күнтізбелік он күн ішінде осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвесторға жауап жібереді және қоғамдық талқылаулар үшін инвестор ұсынған ЕТЖЖ жобасын Айдарда орналастырады.

78. Сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын ЖАО елді мекеннің аумақтық дамуын өзгерту қажеттілігіне әкеп соққан табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды қоспағанда, ЕТЖЖ-ны түзету (өзектендіру) туралы шешімнің жобасын, бірақ екі жылда бір реттен жиі емес

дайындайды. Бұл ретте ЕТЖЖ түзету (өзектендіру) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде қабылданады.

79. Елді мекендердің бас жоспарын, дамыту мен оларда құрылыс салу схемаларын және ЕТЖЖ түзетуді әзірлеу, келісу және бекіту осы Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

80. Бекітілген ЕТЖЖ түзету кезінде іргелес аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуін ескеру қажет.

81. Бекітілген ЕТЖЖ-ны түзетуді ЕТЖЖ-ны түзету шекараларын көрсете отырып, қолданыстағы ЕТЖЖ шекараларында жүзеге асыру қажет.

Қала құрылысы жобаларын
(елді мекендердің бас жоспарлары,
егжей-тегжейлі жоспарлау
жобаларын) әзірлеу, келісу және
бекіту қағидаларына
1-қосымша

Қала құрылысы жобаларын жобалауға арналған техникалық тапсырма

БЕКІТЕМІН: (лауазымы, ұйым)

(тегі және аты-жөні)

(қолы)

(күні)

1. Қала құрылысы жобасының түрі

2. Тапсырыс беруші

(толық және қысқартылған атауы)

3. Жобалау ұйымы (әзірлеуші)

(толық және қысқартылған атауы)

4. Жобалау үшін негіздеме

5. Қала құрылысын жоспарлау немесе аумақтарда құрылыс салу объектісі, оның негізгі сипаттамалары

6. Жобалау кезеңдері бойынша ұсынылатын материалдардың құрамына, мазмұнына және нысанына қойылатын негізгі талаптар, жұмыстарды орындау реті мен мерзімдері

7. Жобалау үшін бастапқы ақпаратты ұсынудың құрамы, орындаушылары, мерзімдері мен тәртібі

8. Қала құрылысы жобасының осы түрін келісетін мекемелер мен ұйымдардың тізбесі:

уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық құрылымдық бөлімшелері (жер қатынастары, мәдениет және тарихи ескерткіштерді қорғау, азаматтық қорғаныс, көлік саласындағы), жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелері (сәулет және қала құрылысы, жер қатынастары, мәдениет), мүдделі ұйымдар

9. Келісуші ұйымдардың қала құрылысы жобасының әзірленетін түріне қойылатын талаптары

10. Жобалау алдындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен инженерлік іздестірулерді жүргізудің құрамы мен тәртібі (қажет болған жағдайда)

11. Әзірленетін қала құрылысы жобасына келісу және сараптама жүргізуді ұйымдастыру тәртібі

12. Жоспарланатын аумақ үшін белгіленген жерүсті су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері болмаған жағдайда, жерүсті су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекараларын белгілеу жөніндегі арнаулы бөлімді әзірлеуді көздеу қажет _____

13. Өзге талаптар мен шарттар: орындаушыдан

(лауазымы, ұйым)

(тегі және аты-жөні) (қолы)

(күні)

сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органдар (немесе жергілікті атқарушы)

(лауазымы, ұйым)

(тегі және аты-жөні) (қолы)

(күні)

өзге келісуші ұйымдардан

(толық атауы) (лауазымы, ұйым)

(тегі және аты-жөні) (қолы)

(күні)

Ескертпе. Тапсырманың мазмұны қала құрылысы құжаттамасының жекелеген түрлерін және қала құрылысын жоспарлау мен құрылыс салу объектісінің ерекшелігін әзірлеуге қойылатын талаптарға сәйкес нақтылануы мүмкін.

Қала құрылысы жобаларын
(елді мекендердің бас
жоспарлары,
егжей-тегжейлі жоспарлау
жобаларын) әзірлеу, келісу және
бекіту қағидаларына
2-қосымша

Басқа көздер есебінен қаржыландырылатын егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын жобалауға арналған техникалық тапсырма

Сәулет және қала құрылысы
саласындағы қызметті
атқаратын жергілікті атқарушы орган
БЕКІТЕМІН: (лауазымы, ұйым)

_____ (тегі және аты-жөні)

_____ (қолы)

_____ (күні)

Құрылыс салушы
(инвестор, жер учаскесінің
меншік иесі)
КЕЛІСІЛДІ: (лауазымы, ұйым)

_____ (тегі және

аты-жөні)

_____ (қолы)

_____ (күні)

1. Егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы

2. Инвестор

(толық және қысқартылған атауы)

3. Жобалау ұйымы (әзірлеуші)

(толық және қысқартылған атауы)

4. Жобалау үшін негіздеме

5. Қала құрылысын жоспарлау немесе аумақтарда құрылыс салу объектісі, оның негізгі сипаттамалары

6. Жобалау кезеңдері бойынша ұсынылатын материалдардың құрамына, мазмұнына және нысанына қойылатын негізгі талаптар, жұмыстарды орындау реті мен мерзімдері

7. Жобалау үшін бастапқы ақпаратты ұсынудың құрамы, орындаушылары, мерзімдері мен тәртібі

8. Қала құрылысы жобасының осы түрін келісетін мекемелер мен ұйымдардың тізбесі:

уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық құрылымдық бөлімшелері (жер қатынастары, мәдениет және тарихи ескерткіштерді қорғау, азаматтық қорғаныс, көлік саласындағы), жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелері (сәулет және қала құрылысы, жер қатынастары, мәдениет), мүдделі ұйымдар _____

9. Келісуші ұйымдардың қала құрылысы жобасының әзірленетін түріне қойылатын талаптары

10. Жобалау алдындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен инженерлік іздестірулерді жүргізудің құрамы мен тәртібі (қажет болған жағдайда)

11. Әзірленетін қала құрылысы жобасына келісу және сараптама жүргізуді ұйымдастыру тәртібі

12. Жоспарланатын аумақ үшін белгіленген жерүсті су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері болмаған жағдайда, жерүсті су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекараларын белгілеу жөніндегі арнаулы бөлімді әзірлеуді көздеу қажет

13. Өзге талаптар мен шарттар: орындаушыдан

(лауазымы, ұйым)

(тегі және аты-жөні) (қолы)

(күні)

сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органдар
(немесе жергілікті атқарушы)

(лауазымы, ұйым)

(тегі және аты-жөні) (қолы)

(күні)

өзге келісуші ұйымдардан

(толық атауы) (лауазымы, ұйым)

(тегі және аты-жөні) (қолы)

(күні)

Ескертпе. Тапсырманың мазмұны қала құрылысы құжаттамасының жекелеген түрлерін және қала құрылысын жоспарлау мен құрылыс салу объектісінің ерекшелігін әзірлеуге қойылатын талаптарға сәйкес нақтылануы мүмкін.

Қала құрылысы жобаларын
(елді мекендердің бас
жоспарлары, егжей-тегжейлі
жоспарлау жобаларын)
әзірлеу, келісу және бекіту
қағидаларына
3-қосымша
нысан

"Қоғамдық талқылаулар" арнайы айдары

Қоғамдық талқылау өткізу туралы хабарландыру мынадай ақпаратты:

- 1) елді мекендердің бас жоспарлары жобасының атауы, егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары әзірленетін елді мекеннің бөлігі көрсетілген жобаның атауын;
- 2) қоғамдық талқылау өткізілетін орнын, басталатын күні мен уақытын. ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық талқылауға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін;
- 3) Тапсырыс берушінің деректемелері мен байланыс деректерін;
- 4) көзделіп отырған қызмет, өткізілетін қоғамдық тыңдау туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болатын электрондық мекенжайы мен телефон нөмірін (- лерін);

5) өткізілетін қоғамдық талқылау туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болатын электрондық мекенжайы мен телефон нөмірін (-лерін);

6) мерзімді басылымда (газетте) қоғамдық талқылау өткізілетіндігі туралы хабарландырудың уақытылы орналастырылғандығын растайтын құжатты;

7) кемінде бір теле- немесе радиоарнада қоғамдық талқылаудың өткізілетіні туралы хабарландырудың уақытылы орналастырылғандығы растайтын құжатты;

8) түсіру уақыты көрсетілетін бұрыштық электрондық мөртабаны бар, көпшілікке қолжетімді жерлерде орналастырылған, ашық жиналыстар арқылы қоғамдық талдау өткізілетіні туралы хабарландырулардың суретін қамтиды.

Қала құрылысы жобаларын
(елді мекендердің бас
жоспарлары, егжей-тегжейлі
жоспарлау жобаларын) әзірлеу,
келісу және бекіту
қағидаларына
4-қосымша
нысан

Ашық жиналыс арқылы өткізілетін қоғамдық талқылау хаттамасы

1. Жергілікті атқарушы органының атауы:

2. Қоғамдық талқылаудың тақырыбы:

(қаралатын жобалау материалдарының толық, нақты атауы)

3. Орналасатын жері:

(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

4. Тапсырыс берушінің деректемелері және байланыс деректері:

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

5. Қоғамдық талқылау өткізілетін күн, уақыт, орны

(ашық жиналысы арқылы қоғамдық талқылау өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық талқылаудың басталатын уақыты, талқылау

өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы.

Қоғамдық талқылаудың мерзімі ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

6. Тапсырыс беруші жіберген хаттың көшірмесі және қоғамдық талқылауды өткізу

шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық талқылау хаттамасына қоса беріледі.

7. Қоғамдық талқылауға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық талқылау хаттамасына қоса беріледі.

8. Қоғамдық талқылаудың өткізілетіні туралы ақпарат жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

(ресми интернет-ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

1) қоғамдық талқылау басталған күнге дейін жиырма күнтізбелік күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде екі газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде екі теле- немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық талқылаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

(теле- немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле-немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық талқылаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық талқылаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

2) _____ мекенжайы бойынша _____ дана хабарландыру әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында және хабарландыруларды орналастыру үшін арнайы тағайындалған орындарда. Фотоматериалдар осы қоғамдық талқылау хаттамасына қоса беріледі.

9. Қоғамдық талқылауға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық талқылауларға қатысушылардың "қолдаймын", "қарсымын", "қалыс қаламын" деп дауыс бергендер санын көрсету)

(осы Қағидалардың 34-14-тармағына сәйкес себептерді көрсете отырып, қоғамдық талқылау

өткізілмеді деп тану туралы. Қоғамдық талқылауға қатысушылардың "қолдаймын", "қарсымын", "қалыс қаламын" деп дауыс бергендер санын көрсету)

10. Барлық талқыланған баяндамалар туралы мәліметтер:

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) _____

(баяндаманың тақырыбы, парақтардың, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)

Қоғамдық талқылауға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық талқылау хаттамасына қоса беріледі.

11. Қоғамдық талқылау хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын және қоғамдық талқылау өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен барлық ескертулер мен ұсыныстарды қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық талқылаудың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық талқылаудың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

12. Қоғамдық талқылауға қатысушылардың қаралып отырған құжаттар мен талқыланған баяндамалардың толықтығы және оларды түсіну қолжетімділігі тұрғысынан сапасы жөніндегі пікірі, оларды жақсарту бойынша ұсынымдары:

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы, пікірлері мен ұсынымдары)

13. Қоғамдық талқылаудың төрағасы:

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

14. Қоғамдық талқылаудың хатшысы:

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қоғамдық талқылау өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

P/c №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертпе (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс)
-------	--	--	---

Қала құрылысы жобаларын
(елді мекендердің бас жоспарлары,
егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын)
әзірлеу, келісу және бекіту
қағидаларына
5-қосымша

Елді мекендердің бас жоспарының жіктеуіші

Сыныптар	Қабаттар (Аймақтар типтері)	Аймақ типінің ID	Кіші типтер	Жіктеуіш бойынша коды	Жіктеуіш бойынша код ID	Жіктеуіш бойынша атауы	Геометриялық көрініс типі
1	2	3	4	5	6	7	8
	Тұрғын аймақтар przonejil	8	Үй-жайлық құрылыс салу	11010000	19	Үй-жайлық құрылыс аумағы	полигон
			Учаскесіз аз қабатты құрылыс салу (2-3 қабат)	11020000	12	Учаскесіз аз қабатты құрылыс салу (2-3 қабат) аумағы	
			Орта 4-5 және 6* қабатты құрылыс салу	11030000	14	Орта 4-5 және 6* қабатты құрылыс аумағы	
			Көп қабатты құрылыс (6-12 қабат) салу	11040000	17	Көп қабатты (6-12 қабат) құрылыс аумағы	
			Жоғары қабатты (12 қабаттан жоғары) құрылыс салу	11014000	52	Жоғары қабатты (12 қабаттан жоғары) құрылыс салу аумағы	
			Білім беру мекемелері	11050000	5	Білім беру мекемелерінің аумағы	
						Денсаулық	

Қоғамдық-іскерлік аймақтар grzoneodz	5	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыз ету мекемелері	11060000	13	сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінің аумағы	полигон
		Қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорындарының ішінде жалпы қалалық маңызы бар	11070000	10	Қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорындарының ішінде жалпы қалалық маңызы бар мекемелердің аумағы	
